

Пар әрі тез, әрі сапалы жыртылсын

Көктем егісі аяқталуға жуықтады. Өткен жылғымен салыстырғанда быйылғы жұмыстары ұйымдасқан түрде жүргізіліп жатыр. Көктемнің көш басталып, уа райының жауын-шашынды болуына арамастан егіс жұмыстары едәуір қызу арқышпен жүргізілуде. Колхозшы шаруалар республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты өрістетіп, егіс даласында қажымай-талмай еңбек істеуде. Сөйтіп, мол өнімнің негізін алауда.

Облысымыздың егіс даласынан күн сайын қуанышты хабарлар келуде. Астық совхоздары 30 майда егіс жоспарын толық орындады. Сол сияқты Петропавл, Октябрь, Мамлют және Ленин аудандарының колхоздары да егіс жұмыстарын толық аяқтады. Облысымыздың басқа да аудандарының бірсыпыра колхоздары егіс жұмыстарының мемлекеттік жоспарын толық және артығымен орындады. Колхозшы шаруалардың барлық мақсаты—әрбір колхозда егіс жоспарын тез арада орындап шығу болып отыр. Егіс жоспарын толық орындау және жоспардан тыс егін ту—сүйікті Отанымыздың соғыс-экономикалық күш-қуатын бұрынғыдан да арттыра түсу деген сөз.

Егінге қамқорлық жасаумен бірге келегі жылғы егінге де назар аударуымыз керек. Бүгін таңдағы ауыл шаруашылық жұмыстарының аса бір маңыздысы—пар жырту болып саналады. Колхозшылардың көп жылғы тәжірибесі біздің облысымыздың жағдайында пар жыртылған жерге өсілген егіннің өнімі мол болатындығын айқын ыспаттайды.

Парды көп жыртыған колхоздар мен совхоздар егіс жұмыстарын қысқа мерзімде жоғарғы агроэкономикалық дәрежеде өткізеді. Октябрь ауданының «Красная планета» және «1 Май» колхоздары өткен жылы пар жырту жұмыстарын едәуір

смомол ұйымдары, совет, жер орындары, колхоздардың, МТС-тар мен совхоздардың басшылары барлық күш-мүмкіншілікті пар жырту жұмысын тағайындаған мерзімде сапалы өткізуге жұмсауы керек. Осы шараларды жүзеге асырсақ ғана облысымыздың ауыл шаруашылығы жұмыстарында артқа қалуын жою жөнінде үлкен тіміз бен партиямыздың нұсқауын мүлтіксіз орындай алатын боламыз.

Егіс жұмыстарынан босаған тракторлар мен көлік күшін пар жырту жұмысына қосудың ерекше маңызы бар. Егіс жұмыстарын толық аяқтаған және жоспардан тыс егін егу жөніндегі міндеттемесін орындаған барлық колхоздар мен совхоздар егістен босаған тракторлар мен көлік күшін пар жырту жұмысына дереу қосуға міндетті. Бұл жөнінде Кожухов, Булаев, Соколов және Совет аудандарының колхоздары көп жұмыстар істеуге тиіс. Пар жырту жұмысын ойдағыдай жүргізу үшін еңбек өнімін арттырып, барлық күш-мүмкіншілікті егіс жұмыстарын толық аяқтауға жұмылдыру қажет.

Облыстық совет атқару комитеті мен ҚК(б)П облыстық комитетінің бюросы өзінің қаулысында пар жырту жөнінде әрбір ауданға мөлшер тағайындап, бұл жұмысты қызу жүргізу үшін нақтылы шаралар белгіледі. Быйыл облысымыздың колхоздары 100 мың гектар пар жыртуға, оның 40 мың гектарын тың және тынайтылған жерде жыртуға тиіс. Бұл сияқты күрделі жұмысты ойдағыдай орындау үшін біз де мүмкіншілік ұшан-теңіз.

Партия, совет, комсомол ұйымдары мен жер орындарының басшылары әрбір колхоз бен совхозда пар жырту жөніндегі күнделік тапсырманың мінсіз орындалуын қадағалап, бұл жұмысты жүргізуде колхоздарға, МТС және совхоздарға нақтылы басшылық жасаулары керек. Әрбір колхоз, МТС және совхозда егін және пар

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін берген Ұлы құрбандығымыз, соғыс кезінде халқымыздың көрген ұшақ теңіз азабы мен таршылығы, Отанымызды қорғау үшін тылда және майданда істеген қажырлы еңбегіміз босқа кетпей жауды толық жеңумен аяқталды.

И. СТАЛИН.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінде

Алматы облысында Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің „Республиканың колхоздары мен совхоздарында тұқымдық учаскелердің жұмысын жақсарту шаралары туралы“ қаулысының орындалу барысы жөнінде

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі Алматы облысының колхоз, совхоздарында тұқым шаруашылығының барысы туралы мәселе қарады. Халық Комиссарлары Советі Алматы облысының колхоздарында тұқым шаруашылығындағы олқылықты жою ісінің қанағаттанғысыз жүзеге асырылып отырғандығын атап көрсетті. Облыста осы уақытқа дейін тұқымдық учаскелерді бөлу, күздік егістердің олар қыстап шыққаннан кейінгі жағдайын анықтау жұмыстары аяқталмаған. Көптеген колхоздарда тұқымдық учаскелерде іс төлген егіс жұмыстары мен жүргізілген агроэкономика шараларын қабылдап алу ұйымдастырылмаған, облыстың көп аудандарында, әсіресе Іле, Каскелең, Алматы аудандарында тұқым өсіру звеноларын құру жұмысы аяқталмаған. Көптеген звенолар тұқымдық учаскелерде жұмыс істеу үшін қанша адам керек екендігі есепке алынбай құрылған. Сондықтан да бұл звенолар қазіргі күнде тұқым шаруашылығына ешбір қатысы жоқ басқа жұмыстарға пайдаланылып жүр. Және деген колхоздарда тұқым шаруашылығының меңгерушісі қызметіне беделсіз және бұл жөнінде қолынан іс келмейтін адамдар қойылған. Еңке шөптердің тұқымдық учаскелері осы уақытқа дейін толық бөлінбеген, ал картоф тұқымын өсіру ісінде бұл үшін аса қолайлы Алматы өңірінің колхоздарының өзі тиісті назар аудармай отыр. Жауын-шашынның көп болуына байланысты егіс жерінде арам шөптердің жаппай қаулап өсе бастағандығына қарамастан, облыс колхоздарында арам шөп

дық мәслихаттары өткізіп, оларда көптемі егістің қорытындылары және тұқымдық учаскелердің өнімін баптап, күту жөніндегі алда тұрған міндеттер туралы мәселе қарауға міндеттеді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Алматы облыстық атқару Комитетіне он күндік мерзім ішінде Алматы маңындағы өңірдің колхоздарында картоф тұқым шаруашылығының жұмысын жақсарту шараларын белгілеп, 1945 жылғы колхоздарды тұқымдық учаскелерде өсірілген сортты картоф тұқымымен қамтамасыз етуді міндеттеді.

Қазақ ССР Жер Халық Комиссариатына, Алматы, Талды қорған, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қарағанды облыстық атқару комитеттеріне быйылғы 10 июльге дейін қолда бар тұқымдық учаскелерді жаппай тексеріп өту, бұл жөнінде тиісті акты жасау, бұл актілерде тұқымдық учаскенің көлемін, егіс атын, сортты, ауыспалы егіс түрлерін, негізгі агроэкономика шараларын, егіс мерзімін, тұқым сапасын, жердің тынайтылуын және басқа шараларды көрсету тапсырылды.

Ауыспалы егістерді дұрыс орналастыру және колхоздар мен совхоздарда мал азығы қорын нығайту ісінде екпе шөп шаруашылығын өркендетудің ерекше маңызы бар екендігін атап көрсетіп, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі еңбекшілер депутаттары облыстық және аудандық атқару комитеттерін екпе шөп тұқымын өсіру үшін қажетті учаскелер бөлу

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

Жеңіске лайық еңбек істеуде

Мамонтов жолдас директор болып істейтін заводтың коллективі Республикамыздың 25 жылдығы атындағы бұйым халықтық социалистік жарысты өрістетіп отырып, май айының өндірістік жоспарын 105 процент орындауға міндеттенген болатын. Олар жоспарды күн сайын, апта сайын толық және артығымен орындау нәтижесінде айлық жоспарды мерзімінен едәуір бұрын орындады.

Жеке цехтар, бригадалар, жұмысшылар арасындағы социалистік жарыстың қорытындысы ұдайы шығарылып отырды. Ал еңбек қатарларының тәжірибелерін бүкіл коллективтің игілігіне айналдыру жөнінде тыңғылықты жұмыс жүргізілді. Мұның нәтижесінде завод жұмысшыларының көпшілігі дерлік жұмыс мөлшерін ұдайы артығымен орындауға жетісті. Айлық қорытындысында жұмысшылардың мөлшерді орындауы орта есеппен 117 процент болып шықты. Мұның өзі еңбек өнімділігінің жоғарғы дәрежеде болғанын ыспаттайды.

Завод коллективі Агарковтың жұмыс әдісін кең түрде қолдана отырып, шикі заттарды, отынды үнемдеу, машиналардың қуатын толық пайдалану жөнінде де елеулі табыстарға жетті. Мұның нәтижесінде өнімнің түсер бағасы жоспар бойынша 3 процент арзандатылу орнына, 5 процент арзандатылды.

Губин жолдас бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары май айының өндірістік жоспарын 107 процент орындап,

социалистік жарыста бірінші орында ие болды. Коллективте жеңіс хұрметіне лайықты үлгі көрсетіп келе жатқан озат адамдар да аз емес. Комсомол-жастар бригадаларын ұйымдастырып, олардың арасында социалистік жарысты кең өрістетуде Мусина жолдасының бригадасы жаршы болды. Бұл бригада өз мүшелерінің өндірістік мамандығын көтеріп, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде көп жұмыс істеді. Соның нәтижесінде олар айлық өндіріс жоспарын үнемі 130—150 процент орындап келеді.

Материалдарды үнемдеп пайдалану жөнінде заводтың инженер-техниктері бірсыпыра игілікті ұсыныстар жасап, оларды жүзеге асырды. Олар техникалық байқау жұмыстарын әрбір бригадада жеке-жеке жүргізіп отырды. Өнімнің сапасы нашар болуы, материалдардың мөлшерден артық жұмсалуды сияқты кемшіліктерді дереу жойып, оларды болдырмау шарасын қолданып отырды. Мұның нәтижесінде завод та жыл басынан бері 30 мың сомның материалды үнемделді.

Машиналардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде завод шебері Арбинин жолдас та едәуір жұмыс істеді. Ол бірсыпыра машиналарды қалпына келтірумен қатар, пайдаланудағы станоктардың үздіксіз жұмыс істеуіне жағдай туғызды.

Завод коллективі июль айының өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін күш жұмсауда.

Е. МАЛАЕВ.

Айлық жоспар орындалды

Петропавл темір жол бөлімінің паровозшылары қажірлі еңбек істеу нәтижесінде май айының өндірістік жоспарын толық

орындау мақсатымен стахановтық ахтаға тұрып, күнделік жұмыс мөлшерін үнемі 115—165 процентке дейін орында

тин болды. Арам шөп егіннің жауы екендігі мәлім. Ол егіннің өнімін кемітеді. Парды уақытылы және сапалы жыртыу арам шөпке қарсы күрестің шешуші факторы. Жердің ылғалдығын сақтауда да жыртылған пардың маңызы ерекше зор. Сондықтан да егіс жұмыстарын тез арада толық аяқтаумен бірге пар жыртылуға ерекше назар аудару керек. Егіс жұмысынан босаған тракторлар мен көлік күші, дереу пар жыртыу жұмысына қосылатын болсын. Сөйтіп колхоздар мен совхоздардың, МТС-тардың барлық күш-мүмкіншілігі пар жыртыуды тез арада аяқтау ісіне жұмсалсын.

Алайда, бірсыпыра аудандардың, МТС-тардың, колхоздар мен совхоздардың басшылары пар жыртыу жұмысының маңызын жете бағаламай отыр. Кейбір аудандардың колхоздары егіс жұмысын аяқтау мен тыныш, пар жыртылуға кіріспей отыр. Сөйтіп жұмыста ашақтыққа жол беріліп отыр.

Көктемгі егісті аяқтаған колхоз, совхоздар пар жыртыу жұмысына дереу кірісуге тиіс. Алайда облысымыздың колхоздары мен совхоздарында бұл жөнінде маңдайды өштеңе істелген жоқ. Партия, ком

Пар жыртыу жұмысын тез жүргізумен бірге жұмыстың сапалы болуына да ерекше назар аудару керек. Бұл жұмыс жөнінде аудандық жер бөлімдерінің, МТС-тар мен совхоздардың агрономдарына, егіс бригадаларының бригадирлеріне зор жауапкершілік жүктеледі. Олар пардың сапалы жыртылуын үнемі қадағалап, бұл жұмысты сапасыз істеушілерге қарсы бағыл күрес жүргізулері керек. Мұнымен бірге парды баптап-күтуге ерекше назар аударылу қажет.

Парды уақытылы және сапалы жыртыудың маңызы ерекше зор. Қазір, әрбір сағат уақытты келесі жылдың егісі үшін жер әзірлеуге толық пайдалануымыз керек. Пар жыртыуда жұмыс қызу қарқынмен жүргізілсін. Сөйтіп егіс жұмыстарын аяқтаумен бірге барлық күш-мүмкіншілік пар жыртылуға жұмсалсын.

Парды неғұрлым тез және сапалы, неғұрлым мол жыртып, келесі жылы егіннен мол өнім алу үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетейік, жұмыс қарқынын мейлінше күшейте түсейік. Бұл—колхоздардың, МТС-тар мен совхоздардың басты міндеттерінің бірі болып саналады.

басшылықты шұғыл жақсартуды талап етті.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі Алматы облыстық атқару комитетінің 15 июньге дейін ауыл-селолық совет председателдері мен колхоздардың тұқымдық учаскелері меңгерушілерінің аудан-

комына 3—5 колхоздан бекітіп беруге, оларға тұқымдық учаскелерді дер кезінде бөліп, бұл жөнінде документ жазуды; егін баптап күту, егін жыйнау және тұқымдық учаскелердің егінін соғу жұмыстарын жүргізу үшін жауапкершілікті жүктеуге міндеттеді.

ССРОда шахматтан бірінші орын алу жөніндегі 14-жарыс

31 майда ССРО Халық Комиссарлары Советінің жанындағы дене шынықтыру және спорт істері жөніндегі Бүкілодақтық Комитетте ұйымдастыру комитетінің және ССРОда шахматтан бірінші орын алу жөніндегі 14 жарысқа қатысушылардың бірлескен мәжілісі болып өтті. Ұйымдастыру комитетінің мәжілісті ашқан председателі генерал-лейтенант К. Р. Синилов шахматшыларды құттықтап, олардың творчестволық табысқа жетуіне тілектестік білдірді.

Бұдан соң жарыстың бас судьясы шахматшы шебер Н. М. Зубарев Шахмат жарысының төртінші жарыяланды. Шахмат жарысы Москва қаласында, Одақтар Ұйымының Октябрь залында 1 июньнен бастап, 1 июльге дейін жүргізіледі. Жарысқа 19

адам: ССРОның 1944 жылғы чемпионы гроссмейстер М. М. Ботвинник, Москва-ның 1944 жылғы чемпионы гроссмейстер В. В. Смыслов, ССРО гроссмейстерлері Ш. З. Бондаревский, А. А. Котов, А. А. Дилленталь және С. М. Флор (Москва), спортқа еңбегі сіңген шебер П. А. Романовский, спорт шебері В. А. Алатерцев (Москва), И. Е. Болеславский (Свердловск), Д. И. Бронштейн (Сталинград), Г. А. Гольдберг (Соғыс-Теңіз Флотынан), И. А. Кан, М. А. Константинопольский және В. В. Рагозин (Москва), Н. И. Рудаковский (Ейск), А. К. Толуш (Кызыл Армиядан) және В. А. Чеховер (Ташкенттік), шеберлікке кандидаттар А. Н. Коблен (Ригадан), Б. Л. Ратвер катысқан.

Олар республикамыздың даңқты мерекесі атындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, май айының өндірістік жоспарының 105 процент орындауға міндеттенген еді. Бұл міндеттемелерін орындау үшін олар жұмыс уақытымен санаспай еңбек істеді. Соның нәтижесінде өткен айдың өндірістік жоспарын сап, сапа жағынан одауір артық орындалды.

Өзбек жасайтын цехтың комсомол мүшелері мен жастары өндірістік жоспарды

13 адам жұмыс істеді. Бұлар өз міндеттерін іс жүзінде орындау үшін мыс уақытымен санаспай еңбек істеді. Май айының өндірістік тапсырмасын процент орындады.

Коллектив мүшелері Қазақстанның жылдық мерекесіне дейін 10 айлық парды толық орындауға міндеттенген латын. Олар бұл сертін мүлтіксіз одау үшін жұмыслады.

А. ЗАХАРОВ

Совет саудасы мамандарын дайындау

ССРО Сауда Халық Комиссариатының жоғарғы дәрежелі оқу орындарына—Москвадағы Плеханов атындағы халық-шаруашылық институтына, Ленинградтың, Харьков пен Львовтың совет саудасы институттеріне оқушылар қабылдау ісі басталды. Совет саудасының сырттан оқу институті де оқушылар қабылдай бастады. Былжылғы жылы мұндай жоғарғы дәрежелі оқу орындарына 1500 студент, техникумдарға 7 мың студент қабылданады. Бұл оқу орындарындағы студенттердің жаппы саны соғыстан бұрынғына қарағанда анағұрлым артты.

Оралда 9 техникум және Симферопольде 1 техникум қалпына келтіріліп, Рязань, Казань, Минскте, Красноярске, Арзамаста және Лебедянь қаласында заң облысында) жаңадан техникум ашылды. Бұл техникумдарда жеміс-өсімдік жұмыстау жөніндегі товароведалар мен технологтар дайындалмақ.

Көптеген техникумдарда сауда меңгерушілері үшін жоспарлаушылар дайындау ісінде бөлімшелер ұйымдастырылды.

(ТАСС)

Францияның Сирия және Ливанмен жанжалы жайында

Франциямен Сирия және Ливан арасында жанжалдың пайда болуына байланысты және бұл жанжалдық қарулы шайқасқа анарып соғуы себепті Совет Үкметі Франция Үкметіне, сол сияқты Ұлы Британия, Америка Құрама Штаттары мен Кытай Үкметтеріне ерекше мәлімдеме тапсырды. Мұнымен, Совет Үкметі алынған хабарларға қарағанда Сирия мен Ливан жерінде ұрыс қыймылдарының өсетін алғандығын және ондағы француз әскерлерінің сириялықтар мен ливандықтарға қарсы ұрысқа араласып, оларға қарсы артиллерия мен минометтерден оқ атқандығын, сол сияқты, Сирияның астанасы—Дамаск қаласын самолеттерден аттырағандығын атап көрсетті. Сол сияқты Сирия мен Ливанның бірнеше басқа қалаларында да қарулы шайқас болып жатыр. Өлтірілгендер мен жаралағандардың саны барған сайын көбейе жағдайдың мүшкіл болып отырғандығы сол, атап айтқанда Франция, Сирия мен Ливан Сан-Францискода болып жатқан конфе-

ренцияға қатысушы Біріккен Ұлттардың мүшелері.

Совет Үкметінің мәлімдемесінде бұдан әрі, Сирия мен Ливандағы оқиғалардың Думбартон—Окете қабылданған қарарлар рухына және Біріккен Ұлттардың Сан-Францискода болып жатқан халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйым құру жөніндегі конференциясының мақсаттарына сәйкес келмейтіндігін атап көрсетті. Сондықтан, Совет Үкметі Сирия мен Ливандағы соғыс қыймылдарын тоқтату және бұл жанжалды бейбітшілік жолымен жою үшін шұғыл шаралар қолданылуға тиіс деп есептейді. Совет Үкметі Францияның Уақытша Үкметіне, сол сияқты соғыстан кейін бейбітшілікті ұйымдастыру және халықаралық хауіпсіздік орнату инициативасын алған Ұлы Британия, Америка Құрама Штаттары мен Кытай Үкметтеріне осындай мәлімдеме жасады.

ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Хабаршы Бюросы.

Ростовты Донбаспен және Волга бойымен байланыстыратын телефон сымы

Ростовты Донбаспен және Волга бойымен байланыстыратын телефон сымы қалпына келтірілді. Ростов—Архангельск сымы ростовтықтардың төменгі Волга бойындағы қалалармен, сол сияқты Махач-

каламен, Бакумен және Гавказдың басқа да қалаларымен байланыс жасауына мүмкіншілік туғызуға. Сталинградпен тікелей байланыс жасайтын телефон сымы қалпына келтіріліп жатыр. (ТАСС).

Советтер Одағының Батыры С. Е. Артеменконы „Алтын Жұлдыз“ медалімен екінші рет наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, Указы

Неміс басқыншыларға қарсы күрес майданында командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын Советтер Одағының Батыры атағын алуға лайықты үлгілі орындағаны үшін Советтер Одағының

Батыры майор Артеменко Степан Елизарович «Алтын Жұлдыз» медалімен екінші рет наградталсын, қоладан кеуде суреті жасалып, оның туған жерінде биікке орнатылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі
Москва, Кремль. 1945 жылғы 31 май.

М. КАЛИНИН.
А. ГОРКИН.

Генерал-полковник П. С. Рыбалкоға Бронетанк әскерлерінің маршалы атағын беру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, Указы

Генерал-полковник Рыбалко Павел Семеновичка Бронетанк әскерлерінің марш

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі
Москва, Кремль, 1945 жылғы 1 июнь.

М. КАЛИНИН.
А. ГОРКИН.

Танк әскерлерінің генерал-полковнигі С. И. Богданозка Бронетанк әскерлерінің маршалы атағын беру туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, Указы

Бронетанк әскерлерінің генерал-полковнигі Богданов Семен Ильичке Бронетанк

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі
Москва, Кремль. 1945 жылғы 1 июнь.

М. КАЛИНИН.
А. ГОРКИН.

Советтер Одағының Батырларын „Алтын Жұлдыз“ медалімен екінші рет наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, Указы

Неміс басқыншыларға күрес майданында командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын Советтер Одағының Батыры атағын алуға лайықты үлгілі орындағаны үшін Советтер Одағының Батырлары: Генерал-лейтенант Родимцев Александр Ильич,

Авиация генерал-лейтенанты Рязанский Василий Георгиевич «Алтын Жұлдыз» медалімен екінші рет наградталсын, наградталғандардың қолдан кеуде суреттері жасалып, олар туған жерінде биікке орнатылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.
Москва, Кремль.
1945 жылғы 2 июнь.

Советтер Одағының Батыры авиация генерал-лейтенанты Е. Я. Савицкийді „Алтын Жұлдыз“ медалімен екінші рет наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, Указы

Неміс басқыншыларға қарсы күрес майданында командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын Советтер Одағының Батыры атағын алуға лайықты үлгілі орындағаны үшін Советтер Одағының Батыры

Савицкий Евгений Яковлевич «Алтын Жұлдыз» медалімен екінші рет наградталсын, оның қолдан кеуде суреті жасалып, туған жерінде биікке орнатылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.
Москва, Кремль.
1945 жылғы 2 июнь.

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс ЕГІС ЖОСПАРЫН ТОЛЫҚ ОРЫНДАМАҒАН БІРДЕ-БІР КОЛХОЗ НЕ СОВХОЗ ҚАЛМАСЫН!

АУДАНДАРДЫҢ КӨКТЕМГІ ЕГІСТІ ӨТКІЗУДЕГІ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСЫ

Приешім ауданының колхоздары егіс жоспарын орындады

грозавл, Октябрь, Мамлют және Ле-
аудандарынан кейін, Приешім аудан-
ның колхоздары да 2 июньде егіс жоспа-
толық орындап шықты. Бұл аудан-
колхоздары 26005 гектар егіс екті.
июньде дейін облыс колхоздары
03 гектар егіс егіп, егіс жоспарын
процент орындады. 2 июньде 9260
орнына, 1800 гектар жерге ғана
себілді. Соңғы бір күнде Преснов
ының колхоздары бірде-бір гектар
тұқым сеппеді. Сөйтіп бұл аудан
жоспарын 91,2 процент ғана орын-
с жоспары Полудонь ауданында
Совет ауданында 87,4, Булаев аудан-
да 85,9, Соколов ауданында 85,1
Конюхов ауданында 76,7 процент
орындалды. Соңғы бір күнде Булаев
ының колхоздары 294 гектар жерге
тұқым септі. Осы сыяқты, тұқым

себу жөніндегі бір күнгі тапсырманы
Конюхов ауданының колхоздары да орын-
дай алмады.

Облыс колхоздары 3 июньге дейін
224518 гектар жер жыртып, жер жырту
жоспарын 94,7 процент ғана орындады.
2 майда облыс бойынша 6420 гектар ор-
нына, 1330 гектар ғана жер жыртылды.
Соңғы бір күнде Преснов ауданының кол-
хоздары бірде-бір гектар жер жыртылды.
Жер жыртуда Булаев, Совет, Соколов
және Конюхов аудандарының колхоздары
тіпті серпіле алмай келеді. Булаев аудан-
ының колхоздары 2 май күні 520
гектар орнына, 329 гектар ғана жер
жыртып. Ал Конюхов ауданында 620
гектар орнына, 329 гектар ғана жер
жыртылды. Жер жырту қарқынын Полу-
донь ауданының колхоздары да бәсеңде-
тіп алды. Демек, мұнда жоспардың 91,2
проценті ғана орындалды.

ртта қалушылық дереу жойылсын

ЛУДЕНЬ. (Өз тілшімізден). Аудан-
алдыңғы қатарлы колхоздары көк-
егіс жоспарын деркесінде толық
ан, егіннен мол өнім алудың берік
и қалады. Егіс жұмысын әсіресе По-
ь машина-трактор станциясының
ындағы колхоздар үлгілі аяқтады.
і бірталай колхоздар егіс жоспарын
ап қана қою былай тұрсын, қайта
рдан тыс ондаған гектар егіс екті.
ғы МТС қамтуындағы колхоздар
спардан тыс 328 гектар егіс егіл-
спардан тыс егіс егу жөніндегі ірі
бастамаға жаршы болған Киров
ағы колхоздың мүшелері жоспардан
50 гектар егуге міндеттенсе, олар
61 гектар етіп орындады. «Новая
» колхозы жоспардан тыс 48 гек-
«Искра» колхозы 40 гектар егіс ек-
йда, аудандағы Ново-Георгиев ма-
трактор станциясының қамтуында

рады. Үгіт-көпшілік жұмысын күшейтіп,
социалистік жарыс шартының орында-
луын қамтамасыз етпеді. Сөйтіп,
аудан басшылары алдында көктемгі егіс-
тің ұзаққа созылу себептерін бөгде дәлел-
дермен ыспаттауға тырысты.

Көктемгі егіс жоспарын орындауда арт-
та қалып отырғандардың бірі «Қазақ-
стан» колхозы болып отыр. Бұл колхоз-
дың председатели Мұкамбетов жолдас аудан-
дық жер бөліміне 1 июньге дейін егіс
жоспарын толық орындадық деп мәлімет
тапсырды. Сонымен соңғы бір күн ішінде
80 гектар жерге тұқым сеп-
кен болып шықты. Әрине, бұл шұбылдану
шылық туғызбай қойған жоқ. Тексере
келгенде Мұкамбетов жолдасын көз бояу
шылыққа салыпқандығы анықталды.
КК(б)П обкомінің секретарі Поцелуев жә-
не аудандық партия комитетінің секрета-
рі Дворников жолдастар бұл колхозда
әлі күнге дейін 40 гектар екпе шөп пен

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста көктемгі
егісте үздік шыққан мына озаттар облыстық совет аткомі мен КК(б)П об-
лыстық комитеті бюросының қаулысы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТА-
СЫНА жазылады:

ПЕТРОПАВЛ ауданы (КК(б)П аудандық комитетінің секретарі ОРЛОВ,
аудандық совет аткомінің председатели КРАСОВСКИЙ жолдастар). Бұл ау-
дан 31 майда егіс жоспарын толық орындап, қазір жоспардан тыс егіс
егіп жатыр.

ОКТАБРЬ ауданы: (КК(б)П аудандық комитетінің секретарі ВАСИЛЬ
ЧЕНКО, аудандық совет аткомінің председатели ҚҰРМАНОВ жолдастар). Бұл
ауданның колхоздары 31 майда егіс жоспарын 100 процент орындап, жос-
пардан тыс егіс егуде.

МАМЛЮТ ауданы (КК(б)П аудандық комитетінің секретарі КОЗИН),
аудандық совет аткомінің председатели ПАВЛЕНКО жолдастар). Бұл аудан
ның колхоздары 1 июньде егіс жоспарын толық орындап, қазір жоспардан
тыс егіс егіп жатыр.

ЛЕНИН ауданы (КК(б)П аудандық комитетінің секретарі КАЛИНИН,
аудандық совет аткомінің председатели СТРАХОВ жолдастар). Бұл аудан
ның колхоздары 1 июньде егіс жоспарын 100 процент орындап, қазір жос-
пардан тыс егіс егуде.

ПРИЕШІМ ауданы (КК(б)П аудандық комитетінің секретарі ПЛЕВАКО,
аудандық совет аткомінің председатели КЛОБУК жолдастар). Бұл ауданның
колхоздары 2 июньде егіс жоспарын 100 процент орындады.

ПРИЕШІМ ауданының ЛЕНИН АТЫНДАҒЫ машина-трактор станциясы
(директоры КОЗЮРА, аға механигі ПОГУЛЯЕВ, аға агрономы ЧУМАКОВ
жолдастар). Бұл МТС-та көктемгі егіс кезінде тракторлармен істелетін жү-
мыс жоспары 120 процент орындалды. МТС қамтауындағы колхоздар 9500
гектар орнына, 9700 гектар егіс екті.

Жоспардан тыс 20 гектар егіс екті

Октябрь ауданындағы «13 жылдық»
ауыл шаруашылық артелінің мүшелері
Қазақстанның 25 жылдығы атындағы бү-
кіл халықтық социалистік жарыста алған
міндеттемелерін аброймен орындап келеді.
Колхоз мүшелері социалистік егін дала-
сында даңқты жеңісімізге сай жұмыс іс-
теп, көктемгі егісті аяқтау жөніндегі рес-
публикалық онкүндіктің алтыншы күні
888 гектар жерге тұқым себу жоспарын
толық орындап, жоспардан тыс 20 гектар
егіс екті.

Егіс жұмыстарында № 1 және № 2
егіс бригадасының мүшелері стахановша
жұмыс істеудің игі жақсы өнегелерін көр-
сетті. Соқашы Ғалиев, Тығыштықбаев,
Әбенов және Темірбекова жолдастар бү-
кіл халықтық социалистік жарыс озатта-

рының алдыңғы сапында болды. Тырма-
шы Султанов, Ерменова және тұқым себу
ші Жолдаяқов пен Тоқбаев жолдастар да
колхозды ауылдың таңдаулылары қатары
на қосылды.

Колхоз мүшелері егіс жоспарын орын-
дасымен пішен шабуға әзірлікті қызу
қолға алды. Темір ұсталары Сәрсенбаев
және Дүзенов жолдастар ұста дүкенінде
еңбек думанын қыздырды. Бұлар аз ғана
күндер ішінде 6 шөп машинасын мен 2
ат тырнаушыны жөндеп шығарды. Кол-
хоздың басқа да пішен шабуға керекті
машиналары мен құрал-саймандарын 10
июньге дейін толық жөндеп болу үшін
бұл таңдаулылар еңбек өнімділігін күн
санап арттырды.

Е. МУСИН.

Қаблетті көрсетті

Ғалым МАЛДЫБАЕВ.

Қойшының әні

Мен—қойшы қойға арналған ән, өле-
нім.

Басына домбыра іліп, кереметін.
Баға алып шопан ата, қыдыр-бақтан
Жануар қойды желеп-жебегемін.

Мен—қойшы қойдан өрген көп өле-
нім.

Жанрыртқан-Есіл, тоғай төңірегін.
Жүбек жүн, ақтылы қой жайылғанда
Көркейген қырда белес, ойда өзегім.

Тербетіп жүрегімді сүйген менің,
Сарарқа—малға мекен туған жерім.
Жаз жайнап, бұл-бұл сайрап, жер
игенде,
Төліммен сәуленген сары белім.

Құшақтап әсем түбек барқыт шөбім,
Ісі ақып беттен сүйген самал желім.
Қойшы мен қойды өсірген тұлға бо-
лып,
Кең жайлау, құтты қоныс алтын тө-
рім.

Баққаным көз нұрындай саулық, се-
гім,
Қымбатым—тоқты, тұсақ, жас төлде-
рім.
Даланы малмен көркейт шопан—деді.
Сталин—көсемім, кемеңгерім.

Құланды қырда ойнарған қозы мен ләк,
Азығы балы тамған өртен, құрақ.
Су іш деп шақырғандай жас төлдерді,
Сарқырап ағып жатқан өзен, бұлақ.

Маржан тіс, бұйра қозы салмақ құлак,
Сөйлесе қозы тілін қойшы-ақ ұрад.
Кийіп тойға аттанған қыздай болып,
Қуалап қызғалдақты жонға шығад.

Секіреп жардан-жарға лақтар шұнақ,
Секілді бірі күміс, бірі сынап.
Былдырып, құлдырандап жанына кеп,
Ойнаса жас баладай тұрады ұнап.

Қой сүті қойдың құрты, қойдың жүні.
Алтыннан артық көрген қазақ мұны.
Сенсең тон, қара пима, күпі, тұмақ
Жаныңыздың рахаты қысты күні

Сұр шинель, әсем костюм, былғары
етік.
Қыл көйлек, түбіт шалы салған то-
қып.

Бәрі де қойдың берген мүлкі емес пе,
Қойлы елім таңдап киіп, басар шөкіп.

Мен—қойшы Ұлы Отанның ойлар қа-
мын,
Қой береді киімдерін армияның.
Ат пенен ер басыда күн тұрамда
Қойымды жауға оқ қып жұмсағамын.

Мен қойшы қолда таяқ, қуат бойда,
Бірқандай ән шыққаймын шықсам қой-
ға.

Балалар бұл өлеңді сен де үйреніп,
Энге сал қойшы өлеңін ойын-тойда.

Жеңіс хұрметіне одақтастардың Будапештегі бақылау комис- сиясында болған қабылдау

БУДАПЕШТ, 1 июнь. (ТАСС). 31 май
да Советтер Одағының Маршалы Б. Е.
Ворошилов гитлер Германиясын жеңу
хұрметіне қабылдау жасады.

Тының мұхиттағы соғыс

ЛОНДОН, 2 июнь. (ТАСС). Рейтер
агенттігінің хабары бойынша, быйылғы
1 январьдан бастап, 31 майға дейінгі
уақыттың ішінде одақтастар самолеттері
нің Тының мұхиттың оңтүстік-батыс
бөлегінде жапонның 2117482 тонналық
кемелерін суға батырғандығын немесе
қатты зияндағандығын одақтастардың
Тының мұхиттың оңтүстік-батыс бөле-
гіндегі қарулы күштері бірлескен коман-
дованиесінің штабы хабар еткен. Мұны
мен қатар, одақтастар самолеттері жапон
ның 1220 самолетін жойып, жапон шен-
теріне 70 мың тоннадан аса бомба таста-
ған.

1 июньде американ самолеттері Такао
ауданын (Формоза аралында) еселен бом-
балаған. Одақтастардың екінші бір са-
молеттері жапонның Малайдағы, Индо-
Қытайдағы, Борнео аралдарындағы және
Цицизимадағы (Бонин аралдарында) со-
ғыс орындарына шабуыл жасаған.

ВАШИНГТОН, 2 июнь. (ТАСС). Окина-
ва аралында американ әскерлерінің Сури-
каласын толық алғандығын АҚШтың Ты-
ның мұхиттағы флотының штабы ха-
бар етті. Американың екінші бір бөлімде-
рі Бокуба өзенінен өтті.

ЛОНДОН, 3 июнь. (ТАСС). Рейтер агент-
тігінің хабары бойынша, американ әскер-
лерінің Даваоның оңтүстік жағында
(Мунданао аралында) 75 миль жердегі
Луанеп пунктіне келіп түскендігін одақ-
тастардың Тының мұхиттың оңтүстік-
батыс бөлегіндегі қарулы күштері бірлес-
кен командованиесінің штабы хабар ет-
кен. Бұл пунктке әскер түсіру авиация
мен флоттың белсене көмектесуі арқылы
жүзеге асырылған. Жапондықтар әлсіз
қарсылық көрсеткен. Американың әскерлері
аралдың түкпіріне қарай жедел алға бас-
қан.

Американ самолеттері жапонның Феле-
бес және Талмугара аралдарындағы шен-
терін бомбалаған. Американың ауыр бом-
башылары жапонның Тайхокудегі (Фор-
моза аралында) штабына 370 тонна бом-
ба тастаған.

ВАШИНГТОН, 3 июнь. (ТАСС). Америк

«Колхозында 178 гектар, «Октябрь» колхозында 187 гектар, ал «Путь октя» колхозында 270 гектар егіс егілген қ. Бұл колхоздарда көктемгі егіс аяқтау жөніндегі республикалық ондіктің талаптары орындалмады. Колхоз председателдері Шалатов, Саможов және Каннов жолдастар көктемгі егіс еңбегін дерексінде орындап, шығуға тиім шаралар қолданбады, барлық күш мекіншілікті жұмысқа түгел дерлік мылдырылуын қамтамасыз етпеді, колхозшылар арасында еңбек ұйымдастыру жолға қоймады, ақырында егінші колхозшыларды күнделікті жаңалықтарын таныстырып отыру ісіне немқетті қа

Комсомол мүшелерінің қажырлы еңбегі

Преснов ауданындағы «Тау ағаш» колхозының бастауыш комсомол ұйымы жетекшісі Аманбаев жолдас өз жұмысының Қазақ ССР Халық Комиссарлары кеңесі мен КК(б)П Орталық Комитетінің Қазақ ССР құрылуына 25 жылдығына арнап, коммунистік жаныс ұйымдар туралы қаулысына сай қайтарады. Комсомол мүшелері алынған міндет бойынша көктемгі егісті агротехника-

орындады. 2 июнь күні колхоздар тапсырма бойынша, 640 гектар орнына, 249 гектарға ғана тұқым септі. Ал жер жыртуға келсек, жер жырту жоспары да 91,2 процент ғана орындалды. 2 июньде 480 гектар орнына, 229 гектар ғана жер жыртылды.

Бұл жағдайлардың бәрін аудан басшылары бес саусақтарындай біледі. Бірақ олар соңғы кезде егіс жұмыстарына қолма-қол басшылық жасамай, арқаны кеңге салып отыр. Бұдан былай арқаны кеңге салу егін өнімін азайтып алу қауіпін туғызатындығын аудан басшыларының жете ескерулері керек.

лық жоғарғы дәрежеде етіп, оны қысқа мерзімде аяқтау үшін қажетті шаралардың бәрін қолданды. Егінші колхозшылар арасында еңбек өнімін арттыру үшін жұмыс күнін толық пайдаланып, берілген тапсырманы орындамайынша жұмысты тоқтатпау ісі өріс алды. Міне, осының нәтижесінде комсомол мүшелері тапсырманы үнемі артығымен орындап жүр.

А. ҚАЗБЕКОВ.

жұмыс істеуге бастай білді. Көктемгі егіс жұмыстарына колхоз ішіндегі барлық-күш мүмкіншілікті тегіс жұмылдырды.

Осының нәтижесінде колхозшылар көктемгі егіс жұмысына білек сыбана кірісіп, оны ойдағыдай аяқтады. Колхозшылар Қасенов, Қонысбаев, Мұсабаев тағы

Пішен шабуға әзірленбей отыр

«1-май» ауыл шаруашылық артелинің (Ленин ауданы) мүшелері пішен шабу жұмысына әзірлікті ұйымдастырған түрде жүргізуде. Мұнда қазірдің өзінде барлық пішен машиналарын, ат тырнауыштары мен арбаларды жөндеу ісі толық аяқталды. Колхоз ұстасы Пухальский жолдас тракторға тіркелетін кең қамтығыш шөп машиналарын жөндеуге кірісті.

Осы аудандағы «Красный сибиряк» колхозында істің жайы тіпті нашар болып отыр. Бұл колхоз әсіресе соңғы жылдар ішінде мал азығының тапшылығынан көп зиян көрседі, осы уақытқа дейін колхоздағы 10 шөп машинасының 5 ғана жөндеді. Ал 11 лоботрейка мен 5 ат тырнауышын жөндеу әлі басталған жоқ. Осы сияқты қол шалғы, тырнауыш тағы

т. колхозда 318 гектар оңдан, 20 гектар ары, 100 гектар сұлы және 8 гектар овес егілді. Егін шытымының бет алысы ойдағыдай.

Колхоз басшылары егістен кейінгі ауыл шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруда да зор қабілеттілік көрсетіп, М. НҰРТАЗИН.

басқа ұсақ құралдарды әзірлеуде ұмыт болған істің бірі.

Колхоздың темір ұстасы Карпенко жолдас өз жұмысына жауапсыз қарайды. Ол жұмысқа шыққысы келсе шығады да, шыққысы келмесе, шықпайды. Бұл жағдайға колхоз председателі Павленко және шаруашылық бөлімінің бастығы Матко жолдастар орынсыз төзін келеді. Тұрасын айтсақ, бұл басшылар пішен шабуға әзірлікті тікелей оқшылыққа ұшыратып, пішен шабу жоспарының орындалмау қауіпін туғызып отыр.

«Красный сибиряк» колхозының басшыларына аудандық жер бөлімдегілер не дер екен?

Ф. ПОТУДАНСКИЙ.

Қарқын баяу, сапа нашар

Совет ауданындағы «Қызыл ту» ауыл шаруашылық артелинде жұмыс істейтін аял жолдастың басқаруындағы трактор бригадасында 2 ХТЗ және 1 «Унисал» тракторы бар еді. Тракторшылар Икарбаев, Смағұлов, Қабаев және Третьяков жолдастар егіске шығар алдында тракторларға социалистік жарыс шартын жасады. Бригадир Фомин жолдас тракторлардың барлық бөлшектері мен бұрандаларын қайта-қайта байқады. Әрбір трактор өзінің тракторының қалтқысыз жұмыс істейтіндігіне көзі жеткеннен кейін, колхоздың егіс даласына жүріп кетті.

Фомин жолдас тракторлардың тоқтау жүріп, жұмыс жоспарын ойдағыдай орындау шығуына көп еңбек сіңірді. Ол тракторшыларға қолма-қол көмек көрсетіп, Тракторшылар арасында еңбек ұйымдастыру және социалистік жарыс жұмысын жолға қойды. Тракторлардың техникалық күтімінің мұлтіксіз жүзделісі асырылуын қамтамасыз етті. Фомин жолдасы бұл еңбегі заң кеткен қ. Трактор бригадасы республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста Саратов МТСндағы таңдаулы трактордың бірі болды. Ол көктемде тракторлармен істелетін жұмыс жоспарының 110 процент орындап шықты.

Осының нәтижесінде Смағұлов жолдас председателі болып істейтін «Қызыл ту» колхозы республикалық ондіктің кезінде егіс жоспарын 100 процент орындап, көктемгі егіс озаттарының облыстық құрмет тақтасына жазылды.

Осы МТСтың қамтуындағы «Красный полтавец» колхозында трактор жұмысының ұйымдастырылуы ойдағыдай болмай шықты. Осының салдарынан мұнда егіс қарқын баяулап, оның сапасы нашарлады. Боз Арал жолының бойында жыртылған 19 гектар тың жердің тереңдігі 12 сантиметрден аспайды. Соның өзінде де толып жатқан атжалдар қалдырылған. Осы сияқты тракторлармен жыртылған 140 гектар егіс алаңында көп атжал қалдырылған.

Бұл колхозда тұқым себу мөлшерін кемітушілік сияқты сорақылықтарға жол берілді. № 1 егін бригадасында 54 гектар егіс алаңына 1 центнер 15 килограмм орнына, 1 центнерден ғана тұқым себілді.

Колхозда огород егісіне жете көңіл бөлінбей отыр. Әлі күнге дейін картоф егісінің жоспары орындалмады. Картоф егісіне де деген тұқым күні бүгінге дейін суық орда жатыр. Оның басым көпшілігі бүлін жүргізілді, колхоз председателі Бейсен

ген, сөйтіп, тұқымға пайдалануға болмай тындай жағдайға түскен.

Совет ауданында егіс жұмыстарын кешуідегіп отырған бұл сияқты артта қалған бірсыпыра колхоздар бар. «Совет», Молотов атындағы, Аманкелді атындағы, «Төңкеріс» және «Жаңа қоныс» колхоздарында егіс жоспарының орындалуы жоспардың тең жартысынан аздап ғана асты. Тұрасын айту керек, бұл колхоздарда әсіресе соңғы кезде жер жырту жұмысы бәсеңдеді, тракторлардың тәуілік бойы тоқтаусыз жұмыс істеуі қамтамасыз етілмеді. Мұнымен қатар, алдыңғы қатарлы колхозшыларды ынтылдандырып, артта қалғандарды озаттар қатарына тегеу ісі өріс алмады.

Бір талай колхоздарда тұқымдық учаскелердің жұмысын жақсарту жөніндегі үкметіміз бен партиямыздың жуырдағы қаулысы тікелей бұрмаланып отыр. Молотов атындағы, «Борьба» және «Наурыз» колхоздарында күні бүгінге дейін тұқым учаскелерінің бастықтары тағайындалып, бекітілмеген. «Наурыз» колхозында тұқымдық учаскелерге егіс егетін звено бастығына трактор бригадасының есепшісі тағайындалған. Ол бүкіл егіс бойы трактор отрядының жұмысын есептеді, ал тұқым шаруашылығын естен шығарды. Шынында бұл колхозда тұқымдық егіс егетін звено құру ісі ат үсті жыта ма екен?

Т. ЖЕТПІСПАЕВ.

Үлгілі мектепте

Ленин ауданындағы Жарғайың орталау мектебінде быйылғы жылы оқушылардан сынақ алу жұмысы Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесінің 1944 жылғы 21 июньдегі «Мектептерде оқу сапасын жақсартудың шаралары туралы» қаулысына сәйкес жүргізілуде.

Мектепте оқу программасы ойдағыдай орындалды. Өткен оқу жылына қарағанда быйыл мұнда оқу-тәрбие жұмысы сапасының анағұрлым артқандығы көрінді. Төртінші тоқсанда мектеп бойынша балалардың сабақ үлгеруі 80 процент, олардың сабаққа қатысуы 90,7 процент болып отыр. 2—3 кластардың оқушылары сабақты 100 процент үлгерді.

Мектептегі қоғам ұйымдары оқу жұмысын жақсартуға күшті көмек көрсетті. Мектепте әдеби-көркем сөз үйірмесі жұмыс істеді. Бұдан басқа мектепте айына бір рет «Екінді» атты қабырға газеті шығып тұрды.

Емтихан алынбастан бұрын оқушылар үшін әрбір пәннен кенес өткізіп отыру ұйымдастырылды. Сабақты ойдағыдай үлгере алмаған 5 класс оқушыларына сынақ алынбайтын барлық пәндерден қосымша сабақ жүргізіліп жатыр.

З. АЙСИНА.

Емтихан басталды

Кеше облысымыздың мектептерінде емтихан басталды. Петропавл қаласындағы № 1 қыз балалар мектебі және Киров атындағы ер балалар мектебі емтихан алу бөлмелерін көрнекті құралдар және қарта алу жұмысын ойдағыдай дайындықпен бастады. Бұл мектептердің оқушылары емтиханның алғашқы күні ойдап шығарма жазып, әдебиет пәнінен емтихан берді. Оқушылардың емтиханға айтарлықтай дайындалып келгендігі байқалды.

Емтиханға келген оқушылардың жайдары жүздерінен олардың сынақтан мүдірмей өтетіндіктері көрініп тұрды. Олардың әр қайсысы емтихан алынатын сабақтардың бәрінен «5» баға алып үкмет наградасын алуды мақсат етеді.

Л. МАМЕДОВА.

Ірі ұтыс

Ленин ауданының Воровский атындағы ауыл шаруашылық артелинің мүшесі Матвей Сечной жолдас Екінші Соғыс Қарызының облигациясынан 5000 сом қаржы ұтты.

Сирия мен Ливандағы оқыйғалар жайында

ЛОНДОН, 2 июнь. (ТАСС). Жаңа хабаршы министрдің кеше мәлімдеме жариялағандығын Рейтер агенттігі Парижден хабар етті. Мәлімдеме былай делінген: «Сыртқы істер Министрі Бидо сирия істерінің халық-аралық жағдайы туралы кабинетке хабар берді. Леванттағы (Сирия мен Ливандағы) Француз өкілдері не алдағы уақытта өзара келіспеушіліктің тууы үшін жәрдемдесуге қолайлы бола алатын жағдайлардың бәрінен аулақ болу жөнінде кабинет бекіткен нұсқау жіберілді».

Ұлы Британия саясаты жөнінде айта келіп, генерал де Голь, Сирия мен Ливандағы ағылшын әскерлері санының ондағы француз күштерінен анағұрлым басым екендігін атап көрсетті. Ағылшындардың көптеген агенттіктері,—деді де Голь,—Француздарға қарсы толқушылық және ұрыс қыймылдарын туғызды. Тек Арабия мемлекеттері туралы жалпы мәселе жайында ғана Франция кәсіс сөз-ер жүргізуге дайын отыр, деді де Голь. Өзінің сөзін аяқтай келіп, генерал де Голь, Сирия мен Ливан туралы мәселенің тек халық аралық ынтымақ жолымен ғана шешілетіндігін мәлімдеді.

Балкан жастарының алдағы уақытта болатын съезі жайында

БЕЛГРАД, 2 июнь. (ТАСС). Майдың екінші жартысында Белградта балкан елдері жастар ұйымдарының өкілдері арасында балкан жастарының бірінші съезі шақыру туралы келіс сөздер болды. «Млади Борац» газетінің хабарына қарағанда съезд Белградта 8 июльде шақырылатын көрінеді.

Балкан елдерінің әрқайсысы—Югославия, Болгария, Румыния, Греция және Албания съезде шешуші дауыспен 10 өкіл жібереді.

Күн тәртібінде мынадай баяндамалар тыңдалады: «Балкан жастары фашист шапқыншыларға қарсы азаттық соғысында» (баяндамашы—Греция жастарының өкілі); «Балкан жастарының мұқтаждықты жою ісіндегі міндеті» (баяндамашы—Югославия жастарының өкілі); «Балкан жастарының экономикалық және әлеуметтік жағдайы» (баяндамашы—Болгар жастарының өкілі); «Жастардың білім алу, мәдениеті, спорт және тынығуы туралы» (баяндамашы—Румын жастарының өкілі); «Балкан жастарының бірлігін жасау» (баяндамашы—Албан жастарының өкілі).

Жауапты редактордың орынбасары
Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.